

Динмухамбеткызы А., Сиябеков С.Т., Турыспаева Ш.Д., Ахметова М.С.

ПРОФИЛАКТИКА И ДИАГНОСТИКА МОЧЕКАМЕННОЙ БОЛЕЗНИ

Аннотация

В данной статье опубликованы результаты проведенных научных исследований у 22 собак, поступивших в клинику «Барыс» г. Алматы. При применении общих клинических и специальных методов диагностики мочевого выделительных органов, у исследуемых собак установлена мочекаменная болезнь. В связи с установленным диагнозом для профилактики мочекаменной болезни у собак рекомендованно увеличить время моциона, нормализовать рацион с уменьшением белковых кормов и своевременно лечить воспалительные процессы в мочевыделительных органах.

Ключевые слова: мочекаменная болезнь, рентген, рентгенография, пальпация, уретра.

Dinmykhambetkizi A., Siyabekov S.T., Turyspaeva Sh.D., Akhmetova M.S.

PREVENTION AND DIAGNOSIS OF UROLITHIASIS

Annotation

In this article published the results of the research of 22 dogs, which admitted to the clinic "Barys" in Almaty. In the supplementation of general and special clinical diagnosis methods urinary organs was urolithiasis disease, which was found from studied dogs. In connection with the diagnosis for the prevention of urolithiasis in dogs recommended increasing the time of motion, to normalize the diet with decreasing in protein feeds and timely treatment of inflammatory processes of urinary organs.

Keywords: urolithiasis, X-ray, radiography, palpation, urethra.

ӘОЖ 632:082.14

Ергешов С.Ж., Заманбеков Н.А., Оспанкулов А.

Қазақ ұлттық агралық университеті

ҚЫЗЫЛ МИЯ ЖӘНЕ КӘДІМГІ ӨГЕЙШӨП ӨСІМДІКТЕРІНЕН ДАЙЫНДАЛҒАН ТҰНБАНЫҢ БҰЗАУЛАРДЫҢ ТЫНЫСТАНУ ЖҮЙЕСІ АУРУЛАРЫНА ҚАРСЫ ЕМДІК ӘСЕРІ

Андатпа

Мақалада қызыл мия және кәдімгі өгейшөп өсімдіктерінен дайындалған тұнбаның бұзаулардың тыныстану жүйесі ауруларына қарсы емдік әсері туралы мәліметтер келтірілген. Зерттеу барысында алынған деректер аталған өсімдіктерді кешенді түрде қолдану тыныстану жүйесі ауруларымен ауырған бұзауларға тиімді әсер ететіндігі және олардың салмақ қосу көрсеткіштерін айтарлықтай жоғарылатуға септігін тигізетіндігі нақты цифрлық мәліметтермен дәлелденген.

Кілт сөздер: өсімдік, тұнба, фитопрепарат, бронхопневмония, резистенттілік, доза.

Кіріспе

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы жануарларының резистенттілігін арттыру, өсіп-даму функциясын жақсарту, сонымен қатар олардан сапалы, әрі жетілген төл алу және де Республика тұрғындарын сапалы мал өнімдерімен қамтамасыз ету қазіргі кезде мемлекетімізде ең бір өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығы

жануарларында, оның ішінде төлдер арасында тыныс алу жүйесі аурулары жиі кездеседі, ол әрине, көптеген негативті факторларға тікелей байланысты, атап айтқанда, күтіп-баптау ережелерінің тиісті деңгейде сақталмауы, зоогигиеналық шаралардың дұрыс жолға қойылмауы, азықтандыруының тиісті талаптарға сәйкес келмеуі, т.б. [1, 2]

ҚР АШМ-нің статистикалық деректерінің мәліметі бойынша тыныс алу жүйесі ауруларынан өлім-жітім 7-20 %-ға дейінгі аралықты қамтиды.

Қазіргі кезде жануарлардың тыныс алу жүйесі ауруларын емдеу мақсатында көптеген дәрі-дәрмектер қолданылады, ал олардың басым көпшілігі әр түрлі топтағы антибиотиктер, сульфаниламидтік препараттар, нитрофурандар және басқа да антибактериалды препараттар. Бұл дәрілердің басым көпшілігі шетелдік фармацевтикалық зауыттарда өндіріледі, сондықтанда олардың нарықтық бағасы да тым жоғары [3, 4, 5, 6].

Қазақстан территориясы әр түрлі шипалық қасиеті бар дәрілік өсімдіктерге өте бай. Міне біз осыны негізге ала отырып, мал ауруларына экономикалық тұрғыдан тиімді, әрі экологиялық жағынан таза, дайындалу технологиясы күрделі емес дәрілік өсімдіктерді қолдануды мақсат тұттық.

Материалдар мен әдістер

Біздің өндірістік – тәжірибе жұмыстарымыз бронхопневмония аурумен ауырған 30 бұзауға жүргізілді. Қойылған мақсатқа сәйкес біз аналог принципі негізінде 3 топ құрдық (жасы, салмағы, азықтандырылуы, күтіп-бапталуы бірдей). Өндірістік тәжірибе жұмыстары Алматы облысы, Талғар ауданына қарасты «Алипов Т» жеке шаруа қожалығында жүргізілді.

1-ші тәжірибе тобындағы бұзауларға ауыз қуысы арқылы күніне 2 - 3 рет қызыл мия және кәдімгі өгейшөп өсімдіктерінен дайындалған қоспаны, цефазолин антибиотигі және «В» тобына жататын витаминдер берілді; 2-ші тәжірибе тобына цефазолин антибиотигі және «В» тобына жататын витаминдер; 3-ші бақылау тобына тек цефазолин антибиотигі ғана қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Зерттеу нәтижелері 1-ші кестеде көрсетілген. Алынған зерттеу нәтижелері 1-ші тәжірибе тобындағы емделген 10 бұзаудың барлығы аурудан толық жазылғандығы анықталды, аурудың орташа өту ұзақтығы $9,1 \pm 1,3$ тәулікті құрады, емдеудің алғашқы 7 тәулік ішінде ауырған 10 бас бұзаудың екеуі; 8-14 тәуліктен кейін бесеуі; 15-20 тәуліктен кейін үшеуі толық жазылды, аурудан айығу көрсеткіші 100 % болды.

1-кесте. Қызыл мия және кәдімгі өгейшөп өсімдіктерінің бронхопневмония ауруына шалдыққан бұзауларда емдік тиімділігі

Көрсеткіштер	Топтар		
	1-ші тәжірибе тобы	2-ші тәжірибе тобы	3-ші тәжірибе тобы
Бұзаулардың саны	10	10	10
Аурудан айыққаны : бас	10	8	6
%	100	80	60
Ауырудың орташа өту ұзақтығы, тәулік	$9,1 \pm 1,3$	$12,2 \pm 1,2$	$14,9 \pm 1,0$
1-7	2	-	-
8-14	5	4	2
15-20	3	4	4
Өлімге душар болды, бас	-	2	4
%	-	20	40
Сақталуы, %	100	80	60

2-ші тәжірибе тобындағы 10 бұзаудан 8-і аурудан жазылғандығы анықталды, аурудың орташа өту ұзақтығы $12,2 \pm 1,2$ тәулікті құрады, алғашқы 7 тәулік ішінде бірде-бір бұзау аурудан айықпады; 8-14 тәулік ішінде 4, ал 15-20 тәулік ішінде 4 бұзау толық жазылды, 2 бұзау өлімге душар болды (20 %), аурудан айығу көрсеткіші 80 % болды.

Ал 3-ші тәжірибе тобындағы 10 бұзаудан алтауы аурудан жазылды (60%), аурудың орташа өту ұзақтығы $14,9 \pm 1,0$ тәулікті құрады, 4 бұзау өлімге ұшырады, сақталу көрсеткіші – 60% болды.

Сонымен қатар біз дәрілік жиынтықтардың әртүрлі жастағы бұзаулардың салмақ қосу динамикасына тигізетін әсерін зерттедік (2-ші кесте). Әр топтағы бұзаулар 10 бастан тәжірибе және бақылау топтарына бөлінді. Дәрілік өсімдіктер жиынтығын қолданар алдында сынақ топтарындағы бұзаулардың тірідей салмағы өлшеніп алынды, сонымен қатар қайталап өлшеу фитопрепаратты қолданғаннан кейінгі 20 және 30 тәуліктерден кейін жүргізілді.

2-кесте. Фитопрепараттың бұзаулардың салмақ қосу көрсеткішіне әсері

Топтар	Дене массасы, кг			Орташа тәуліктік салмақ қосуы, гр	Абсолюттік салмақ қосуы, кг
	Туылғанда	20-күні	30-күні		
Тәжірибе тобы	$26,2 \pm 1,8$	$39,5 \pm 2,9$	$51,5 \pm 1,5$	$292,0 \pm 4,8$	$9,3 \pm 1,12$
Бақылау тобы	$26,6 \pm 1,9$	$35,6 \pm 2,1$	$47,2 \pm 2,2$	$225,0 \pm 4,6$	$7,5 \pm 1,14$

Препараттарды қолданғанға дейін сынақ тобындағы бұзаулардың дене салмағы салыстырмалы түрде бірдей болғандығы байқалады. 20 және 30 тәуліктен кейін тәжірибе тобындағы бұзаулардың салмақ қосуы бақылау тобымен салыстырғанда тиісінше 3,9 және 4,3 кг жоғары болғандығын байқауға болады. Тәжірибе тобындағы бұзаулардың тәуліктік салмақ қосу көрсеткіші орта есеппен $292,0 \pm 4,8$ гр болса, ал бақылау тобында бұл көрсеткіш $225,0 \pm 4,6$ гр болды. Абсолюттік салмақ қосуы тәжірибе тобында $9,3 \pm 1,12$ кг болса, ал бақылау тобында $7,5 \pm 1,14$ кг болатындығы анықталды.

Қорытынды

Сонымен жоғарыда аталған мәліметтерді қорытындылай келе, қолданылған дәрілік жиынтықтарды антибиотиктермен және витаминдік препараттармен бірге кешенді түрде қолдану бұзаулардың тыныс жолдары ауруларының алдын алуға, ауырған бұзауларды емдеуге және олардың салмақ қосу көрсеткіштерін айтарлықтай жоғарылатуға септігін тигізеді.

Әдебиеттер

1. Муралинов К.К. Диагностика лечение и превентизация легочных болезней животных //Мат.1V-й Международной научно-практической конференции, Улан-Батор, 2001, с. 301-302.
2. Шарипбаев Н.Ш. Пайдалы өсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану .-Алматы,издательство «Қайнар» 1988,-149 с.
3. Ұлан Қожасқан. Жануарлардың бронхопневмониясында шегіргүлден дайындалған препараттың әсері: дисс. к.в.н.,Алматы, 2010.-111с.
4. Кукенов М.К., Рахимов К.Д. Лекарственные растения Казахстана и их использование. –Алматы,1996-149 с
5. Вильданов Р.Х., Вильданова Р.Х. Лекарственные травы респираторной патологии у телят. Ж. Ветеринария -2005-№ 4-с.11-13.
6. Мазнев Н.И. Высокоэффективные лекарственные растения//Большая энциклопедия народной медицины. Москва.- 2013-605 с.

Ергешов С.Ж., Заманбеков Н.А., Оспанкулов А.

ЛЕЧЕБНАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ НАСТОЯ, ИЗГОТОВЛЕННОГО ИЗ СОЛОДКИ КРАСНОЙ И МАТЬ-И-МАЧЕХИ ПРИ БОЛЕЗНЯХ ДЫХАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ТЕЛЯТ

Аннотация

В данной статье приводятся сведения о лечебной эффективности настоя, изготовленного из солодки красной и мать-и-мачехи при болезнях дыхательной системы у телят. Установлено, что комплексное применение сбора лекарственных растений оказывают высокое фармакотерапевтическое действие при бронхопневмонии телят. В результате проведенного производственного опыта установлено, что лечебная эффективность при применении указанных растений в комплексе с антибиотиками и витаминными препаратами составила 100%.

Ключевые слова: растение, настой, фитопрепарат, бронхопневмония, резистентность, доза.

Ergeshov S.ZH., Zamanbekov N.A., Ospankulov A.

THE THERAUPETIC EFFICIENCY OF INFUSIONS MADE FROM LICORICE RED AND COLTSFOOT AT THE DISEASES OF RESPIRATORY SYSTEM IN CALVES

Annotation

This article provides information about the therapeutic efficiency of the infusion made from licorice red and coltsfoot at the respiratory diseases in calves. It was installed that the combined application of medical plants have high pharmacological efficiency at the bronchopneumonia in calves. As a result of manufacturing experience found that the therapeutic efficiency after using specified plans in complex which contained antibiotic and vitamin preparation composed 100%.

Keywords: plant, infusion, phytopreparationl, bronchopneumonia, resistance.

ЭОЖ 636. 32/38. 081.14

Ермекбаева Ф.Н., Сайлаубек П.Ж., Сарсебаева Б., Бегембеков Қ.Н.,
Құлатаев Б.Т., Шаугимбаева Н.Н.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚТЫҢ АРҚАРМЕРИНОСЫ ҚОЙЫНЫҢ ЖҮН ҰЗЫНДЫҒЫНЫҢ ӨЗГЕРГІШТІГІ

Андатпа

Мақалада Алматы облысы Райымбек ауданы «Құмтекей» асылтұқымды шаруашылығында өсірілетін қазақтың арқармериносы қойы тұқымының жүнінің ұзындығының өзгергіштігін анықтау бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстардың нәтижесі берілген. Бұл малдың денесінің әртүрлі топографиялық бөліктеріндегі жүнінің орташа ұзындығы мал топтарының жынысы мен жасына байланысты әртүрлі: ең ұзын жүн – сақа қошқарларда, одан кейін, тиісінше – 1 жастағы еркек тоқтыларда, сақа саулықтарда, ал ең қысқа жүн – ұрғашы тоқтыларда анықталған.

Кілт сөздер: қой, тұқым, желі, ет, жүн, іріктеу, етті тұқым, қозы.